

**Қостанай ауданы әкімдігі білім бөлімінің
«Н. Наушабаев атындағы Затобол мектеп-гимназиясы» ММ**



«Сиқырлы жіптер»

**4 және 5 жастағы тәрбиеленушілерге арналған дамыту
бағдарламасы**

Құрастырушы тәрбиешілер: Жусупбекова Роза Клышбаевна
Есмуханова Гульбаршын Рахмановна
Кишкентаева Ботагоз Жолмаковна,

Қостанай - 2019

Түсінік хат

Ұсынылып отырған бағдарлама мектепке дейінгі мекемелерде вариативтік компонентке арналған.

«Сиқырлы жіптер» дамыту курсы тәрбиеленушілердің танымдық қабілеттерін дамытып, қол моторикаларын дамытуымен құнды. Бұл курстың өзектілігі баланың тілін дамытуға, қиялдауға, ұстамдылыққа, еңбектене білуге тәрбиелейді. Курста берілген жұмыстар оқушының тілдерімен қатар, саусақ бұлшық еттерін жетілдіреді.

Өлең жолдарын қайталата отырып, бархыт қағазға түрлі-түсті жіппен желімсіз сурет салу, баланың нәзік саусақ бұлшық еттерін жаттықтыру арқылы, қолын жазуға дайындайды, тілін дамытуға өлшеусіз үлес қосады, есте сақтау қабілеті артады. Қоршаған орта туралы түсінігі қалыптасады, айналаны зерттеуге қызығушылығы артады, ой-өрісі кеңиді, зат бейнесін есту арқылы да елестетеді. Бүгінгі таңда пайдалылығын ғалымдар да дәлелдеп отырған ұсақ қол қимылдарын дамытуға арналған жаттығулардың бала дамуына тигізер әсері мол. Ойын жаттығуларының өлеңдері ойнақы тілмен, қайталама сөзімен бөбектерді баурап, сөз өрнегіне баулиды. Ал тілінің дамуы баланың бойында қабылдау, ести білу сияқты дағдыларды қалыптастырады.

Бұл курсты өту барысында оқушылардың табиғат туралы білімдері, табиғатқа деген көзқарастары, сүйіспеншілігі артатыны анық.

Әдістемелік құрал оқушылардың шығармашылық қабілеттерін, белсенділіктерін, ізденушілік қабілеттерін дамытуда да маңызды.

Бұл курста берілген тапсырмалар «Коммуникация», «Таным» және «Шығармашылық», «Денсаулық» салаларын қамтиды.

Балалардың сөйлеу құзыреттілігі дұрыс және сөздік қоры бай болса, оларға өз ойын жеткізу оңайға түседі, қоршаған ортаны танудағы мүмкіндіктері кеңейеді, психологиялық дамуында белсеніс күшейеді. Сондықтан баланың сөйлеу құзыреттілігін қалыптастыруды уақытылы қолға ала отырып, анық әрі дұрыс сөйлеуін қадағалау керек. Балалардың сөйлеу құзыреттілігінің дұрыс өз деңгейінде жетілуі, оның ата-аналарын да, тәрбиешілерін де толғандыру қажет.

Балалардың сөйлеу құзыреттілігі жоғары деңгейде қалыптасуы ұсақ моторика тәсілдері мен құрылымына байланысты.

Баланың саусақтарының қимылы немесе ұсақ моториканың жақсы жетіліп дамуы, ол мидың және тілдің жетілуімен тікіелей байланысты. Ақыл - ойы кем дамыған балалармен ұсақ моторикасын дамыту мақсатымен күнделікті саусаққа арналған ойындарын ойнап тұрған жөн.

Сөйлеу тілі мүшелері әрекетінің қозғалуларының дамуы, қол саусақтарының нәзік қимылдарының дамуымен тығыз байланыста болғандықтан, бала қолының ептілігін толық жетілдіру, түзету- тәрбие жұмысын жүйелі жүргізуді қалайды.

Ал ересек топтағы балалар үшін ұсақ моториканы дамыту және қолдың икемділігін арттыруға арналған жаттығулар мектепке дайындықтың яғни, жазу, сызуға үйренудің маңыздысы болып саналады.

Зерттеу бағытында балалардың тіл дамуы саусақтың қозғалуына байланысты. Саусақтың қозғалуы, баланың жасына сай болу керек. Ғылыми тұрғыда, балалардың тіл дамуы жіңішке қол арқылы дамиды.

Бағдарламаның мақсаты: сәбилерді ойын жаттығулары арқылы дыбыстарды дұрыс айтуға, өз ойларын жеткізе білуге дағдыландыру және саусақ ұсақ бұлшық еттерінің қозғалысын дамыту.

Бағдарламаның міндеттері:

- 1.Тәрбиеленушілердің саусақ моторикаларын жетілдіру.
- 2.Шығармашылық қабілеттерін дамыту.
- 3.Сөздік қорларын арттыру.

Күтілетін нәтиже:

1. Нәзік саусақ бұлшық еттерін жаттықтыру арқылы қолын жазуға дайындайды;
2. Баланың саусақ моторикалары дамиды.
3. Тілінің дамуы баланың бойында қабылдау, ести білу сияқты процестері қалыптасады;
4. Зейіндері тұрақталып жинақталады;
5. Сөздік қоры көбейеді және сөздерді анық айтады;

4-5 жастағы тәрбиеленушілерге арналған «**Сиқырлы жіптер**» атты дамыту бағдарламасының тақырыптық жоспары және мазмұны

№	Сабақтың тақырыбы	Мақсаты	Мазмұны	Сағат саны
1	Бархыт қағазбен, жіппен жұмысты таныстыру	Бархыт қағаздың қасиеті, жіппен жұмыс жайлы түсінік беру.	Есте сақтау, дағды	1
2	Жемістер	Әр түсті жіптерді қолдану арқылы жемістерді жасауға үйрету. Ұсақ моториканы дамыту.	Зейін, ақыл	1
3	Көкөністер	Жіптерден көкөністерді жасап үйрету. Саусақ моторикасын дамыту	Ынта, даму	1
4	Саңырауқұлақ тар	Жіпті созу арқылы сопақша, дөңгелек арқылы саңырауқұлақтар жасату.	Моторика, зейін	1
5	Бұтақтағы шие	Түстерді ажырата білуге, салқын - жылы түстерді үйлестіруге тәрбиелеу.	Зейін, тұрақтылық	1
6	Күзгі ағаш	Жыл мезгілдеріне байланысты табиғат ерекшеліктерін аңғара білуге тәрбиелеу.	Дамыту, ынта	1
7	Күн күлімдеп тұр	Жылы түсті қолдана отырып, жұмыс істеу дағдыларын қалыптастыру.	Дағды, ынта	1
8	Пішіндер	Геометриялық пішіндерді жіппен істеуге үйрету. Моторикаларын дамыту.	Таным, моторика	1
9	Киіз үй	Киіз үй жайлы түсінік беріп, жіппен үйді жасауға үйрету.	Дамыту, зейін	1

10	Кішкентай балапан	Өлең жаттата отырып, қағазға балапанның бейнесін жасап үйрету.	Ептілік, дағды	1
11	Үлкен, кіші доптар	Дөңгелек пішінді жасауға машықтандыру.	Моторика, таным	1
12	Қызыл, сары жапырақтар	Түстерді ажырата отырып, пішіндері әр түрлі жапырақтар істеуге үйрету.	Зейін, тұрақтылық	1
13	Ыдыстағы балықтар	Жұмыс істете отырып, сөздік қорларын жаңа сөздермен толықтыру. (Желбезек, жылтыр)	Дамыту, ынта	1
14	Қар жауып тұр	Қысқы табиғатты ақ жіпті қолдана отырып, суреттеуге үйрету.	Есте сақтау, дағды	1
15	Қысқы орман	Тілдерін жаттықтыру, саусақ моторикаларын дамыту.	Зейін, ақыл	1
16	Аққала	Өздерінің сүйікті аққалаларын істей білуге тәрбиелеу.	Ынта, даму	1
17	Шыршалар	Өлең жаттай отырып, шыршаның пішінін жасату.	Моторика, зейін	1
18	Жаңа жылдық ойыншықтар	Мерекелік көңіл-күй сыйлай отырып, ойыншықтар жасату.	Зейін, тұрақтылық	1
19	Мен тұратын үй	Әр түсті жіпті қолдану арқылы үйдің пішінін жасауға тәрбиелеу.	Дамыту, ынта	1
20	Түнгі қала	Қара қағазға ақ жіппен керекті пішінді шығара білуге үйрету.	Дағды, ынта	1
21	Ай мен жұлдыздар	Моториканы дамыту. Ұжыммен жұмыс істеуге үйрету.	Таным, моторика	1
22	Ақ қоян	Жұмыс істей отырып, өлең жаттау арқылы тілдерін дамыту.	Дамыту, зейін	1
23	Бұлттар	Суық түсті жіпті қолдану арқылы бұлтты жасауға үйрету.	Есте сақтау, дағды	1
24	Менің сүйікті ойыншығым	Тілдерін жаттықтыру, саусақ моторикаларын дамыту.	Зейін, ақыл	1

25	Құмырадағы гүл	Аналарына мерекелік көңіл-күй сыйлауға тәрбиелеу.	Ынта, даму	1
26	Шөптер	Жасыл түсті шөпті істей алуға үйрету. Саусақ моторикасын дамыту.	Моторика, зейін	1
27	Бұршік жарған ағаш	Табиғатты аялай білуге тәрбиелеу. Сөздік қорларын дамыту.	Зейін, тұрақтылық	1
28	Кемпірқосақ	Кемпірқосақ туралы түсіндіру. Жеті түсті жіппен пішінін жасауға үйрету.	Дамыту, ынта	1
29	Бауырсақ	Қағазға бауырсақты жапсыра отырып, нанды қастерлеуге тәрбиелеу.	Дағды, ынта	1
30	Судағы қайық	Өлең жаттау арқылы тілдерін дамыту. Жұмысты ұқыпты істеуге тәрбиелеу.	Таным, моторика	1
31	Кішкентай мысық	Жануарларға қамқор болуға тәрбиелеу.	Дамыту, зейін	1
32	Жаңбыр жауып тұр	Жұмыс істей отырып өлең жаттау, жаңбырдың тірі табиғатқа пайдасын ұғындыру.	Ептілік, дағды	1
33	Қызыл, жасыл көбелек	Моториканы дамыту. Ұжыммен жұмыс істеуге үйрету.	Моторика, таным	1
34	Қошақан	Сөздік қорларын байыту. Қол моторикасын дамыту.	Зейін, тұрақтылық	1
35	Домбыра	Домбыраның киелі аспап екенін түсіндіру. Әр бөлшегін жасауға үйрету.	Дамыту, ынта	1
36	Біз ойнайтын алаң	Моториканы дамыту. Ұжыммен жұмыс істеуге үйрету.	Есте сақтау, дағды	1
	Барлығы:			36

Пайдалынған әдебиеттер:

1. Қ.Р. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы. Астана. 2016
2. Қ.Р. Мектепке дейінгі тәрбие мен білім беру стандарты. Астана. 2016
3. Жүсіпова Д.З. Омарғалиева Т.Ж. Тіл дамытудың ғажайып әлемі – Алматы. Аруна-2017 –34 б
4. «Мектепалды даярлық» журналы –Алматы. №6 2018
5. Ақбай Н.Е. Кел, балалар, ойнайық! –Алматы. Аруна-2018
6. Қалжанова Ж. Жеміс бағында-Алматы. Аруна-2018